





ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ


**ЖАТАҚХАНА
ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОҢЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.10.2020
	ЖАТАҚХАНА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	1 бет

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Жатақханаға орналастыру тәртібі	2
3	Жатақхана әкімшілігінің құқықтары мен міндеттері	4
4	Жатақханада тұрушылардың құқықтары мен міндеттері	5
5	Жатақханада тұрушыларға арналған қағидалар	6
6	Жатақханадағы қоғамдық өзін-өзі басқару	7
7	Ережені бұзу үшін жауапкершілік	8
8	Жатақханадан шығару тәртібі	9
9	Қорытынды ережелер	10



 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.10.2020
	ЖАТАҚХАНА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2 бет

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Жатақхана туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – Университет) тиесілі «Айгерім тұрғын үй кешені» жатақханасынан (бұдан әрі – Жатақхана) орын беру, орналастыру және шығару тәртібін, сондай-ақ, Жатақханада тұрушылардың құқықтары мен міндеттерін және тұру қағидаларын бұзған кездегі жауапкершілігін анықтайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 «Тұрғын-үй қатынастары туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексіне;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1420 қаулысымен бекітілген мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй беру және пайдалану қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларына.

1.3 Жатақхана Университеттің қарамағында және Университетте білім алушылардың тұруына арналған.

1.4 Бос орындар болған жағдайда, Жатақханада келесі тұлғалар тұруы мүмкін:


- Университет қызметкерлері мен профессорлық-оқытушылық құрамы;
- Университетке шақырылған дәріс оқушылар, сарапшылар іс-сапармен келген кезеңде;
- Университетке академиялық ұтқырлық бойынша келген оқытушылар мен білім алушылар оқу және сабақ беру кезеңінде.

1.5 Жатақханадан орын беру, орналастыру және шығару процестерін ұйымдастырумен Тәрбие жұмысы және жастар ісі бөлімі айналысады.

2 ЖАТАҚХАНАҒА ОРНАЛАСТЫРУ ТӘРТІБІ

2.1 Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу Қағидаларына сай Әлеуметтік-тәртіптік комиссияның шешімі (бұдан әрі – Комиссия) негізінде қалада тұрмайтын білім алушыларға Жатақханадан тұрғын үй-жай беріледі.

2.2 Білім алушының Университет ректорының атына өтініші негізінде Жатақханадан орындарды бөлуді Комиссия іске асырады.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.10.2020
	ЖАТАҚХАНА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	3 бет

2.3 Комиссия Жатақханадан орындарды бөлуді негіздемелерін және кезектілігін ескерумен келесі басымдылық тәртібінде іске асырады:

1) Университет ректоры бекіткен тізбеге сай даму мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар, бала жастан мүгедектер, мүгедек-балалар, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, бір немесе қос ата-анасы мүгедек тұлғалар;

2) бірінші курсқа тіркелген білім алушылар;

3) оқуда, ғылыми, шығармашылық және қоғамдық жұмыста жоғары нәтижелері бар жоғары курстарда білім алушылар;

4) Университеттің басқа білім алушылары.

2.4 Комиссия Жатақханадағы орындарды бөлуді келесі кезеңдерде өткізеді:

– Оқу жылының соңында (маусым) бірінші курстан басқа барлық курстарда оқитын, келесі оқу жылы жатақханаға мұқтаж болатын қалада тұрмайтын білім алушыларға;

– Оқу жылының басында (тамыз) күндізгі оқудың бірінші курсына, қысқартылған оқу нысаны бойынша жоғары курстарға, дайындық бөліміне тіркелген, оқуын қайта жалғастырған немесе басқа оқу орындарынан ауысқан қалада тұрмайтын білім алушыларға;

– Оқу жылының барысында қажеттілігіне қарай босаған орындарға.

2.5 Білім алушыларды Жатақханаға орналастыру Университет ректорының бұйрығы және тұрғын үй-жайдың бөлмесін жалдау шартының негізінде орындалады.

2.6 Жатақханада тұру ақысын білім алушы орналасу алдында толығымен төлейді. Дәлелді себебі көрсетілуімен білім алушының өтініші негізінде Тәрбие жұмысы және жастар ісі бөлімінің рұқсаты бойынша төлемді екі кезеңге бөліп төлеуге болады.


2.7 Нұр-Сұлтан қаласында тіркеуде болмаса, білім алушылар Жатақханада орналасқаннан кейін Халыққа қызмет көрсету орталығында уақытша тұру орны бойынша тіркелуі тиіс.

2.8 Жатақханада тұрушыларға белгіленген нысандағы рұқсат қағазы беріледі, тұрушылар оны кірген кезде көрсетуі міндетті.

2.9 Рұқсат қағазы жоғалтылған жағдайда бұл туралы Тәрбие жұмысы және жастар ісі бөліміне шұғыл хабарлау қажет. Рұқсат қағазын қалпына келтіру білім алушының есебінен іске асырылады.

2.10 Білім алушылар қабылдау-тапсыру актісі бойынша Жатақхана әкімшілігінен жалпы тұрғын үй-жайдың (пәтер) есігінің кілтін, техникалық және басқа құрал-жабдықты, тұрмыс керек-жарағын, төсек-орын жабдығын (қажет болса), т.б. алады.

2.11 Білім алушы тиісті құжатта міндетті тіркелуімен қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтан өтеді.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОҢЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.10.2020
	ЖАТАҚХАНА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	4 бет


3 ЖАТАҚХАНА ӘКІМШІЛІГІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1 Әкімшіліктің құқығы бар:

- Жатақханада тұру жағдайын жақсарту бойынша Университет басшылығына ұсыныстар беру;
- Тұрушылардан осы Ережені, өрт қауіпсіздігі талаптарын, қауіпсіздік техникасын, тұрмыстық электр-аспаптарын пайдалану жөніндегі нұсқауларды қадағалауды талап ету;
- Тұрушылардан Жатақхананың бөлмелеріне, құрал-жабдығына, керек-жарағына мұқият қарауды, электр энергиясы мен суды үнемдеп шығындауды талап ету;
- Тұрушылардан тұратын бөлмелерде және жалпы пайдалану орындарында тазалық сақтауды, бөлмелерді уақытылы тазалауды талап ету;
- Қажет болса, тұрушы бар кезде тұрғын үй-жайдың, жалпы пайдалану орындарының жағдайын тексеру және түгендеуді өткізу;
- Жатақханада жоспардан тыс дезинфекциялауды және дератизациялауды өткізу;
- Жөндеу жұмыстары кезінде өту аралықтарын және ғимаратқа кіру есіктерін жабу, сондай-ақ, лифтіні тоқтату;
- Жалдау туралы шарттың күші жойылуында немесе бұзылуында тұрғын үй-жайды босатуды талап ету;
- Үй-жайдың тиісті жағдайы және жалпы пайдалануға берілген құрал-жабдықтың барлық құрамдас бөлшектері болмаса, тұрғын үй-жайды қабылдау-тапсыру актісі бойынша қабылдамау;
- Қазақстан Республикасының әрекет ететін заңнамасына сәйкес тұрушылардан келтірілген материалдық зиянды өтеуді талап ету.

3.2 Әкімшілік міндетті:

- Тұрушылардың осы Ережені, өрт қауіпсіздігі талаптарын, қауіпсіздік техникасын, тұрмыстық электр-аспаптарын пайдалану жөніндегі нұсқауларды қадағалауын бақылау;
- Тұрушылардың өртке қарсы және қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына, санитарлық нормалар мен қағидаларға сәйкес тұрғын үй-жайда тазалықты және тәртіпті қадағалау;
- Кәріз, электрлік, сумен қамсыздандыру жүйелерінің ақауларын дұрыстауды шұғыл қамтамасыз ету.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.10.2020
	ЖАТАҚХАНА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	5 бет


4 ЖАТАҚХАНАДА ТҰРУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1 Жатақхана тұрушысының құқығы бар:

- Уақытша тұратын орны бойынша тіркелу;
- Құрал-жабдықты, керек-жарақты, жалпы пайдаланудағы заттарды қолдану;
- Жалпы демалыс орындарын, спортпен, бимен, т.б. айналысуға арналған залдар мен холлдарды пайдалану;
- Студенттік емхананың анықтамасы болған жағдайда жаттығу залдарының қызметін ақысыз пайдалану;
- Жатақхана әкімшілігінің рұқсатымен тұрғын үй-жай жағдайын жақсарту үшін тұратын бөлмесінде өз есебінен әрлеу, жөндеу жұмыстарын өткізу;
- Тұрғын үй-жай бөлмесінде өз есебінен кабельді ТВ, Wi-Fi орнату.
- Жатақхана сенбіліктеріне, қоғамдық және спорттық іс-шараларына қатысу;
- Студенттік өзін-өзі басқару органының мүшесі болу;
- Жатақхана қызметін жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу.

4.2 Жатақхана тұрушысы міндетті:

- Осы Ереженің, Университеттің ішкі тәртіп Қағидаларының, сондай-ақ, басқа да нормативтік құжаттардың талаптарын қадағалау;
- Өрт қауіпсіздігі талаптарын, қауіпсіздік техникасы қағидаларын, тұрмыстық электр-аспаптарын пайдалану нұсқаулықтарын қадағалау;
- Жатақхана әкімшілігінің талаптарын орындау. Қажет болған жағдайда (жөндеу немесе басқа) уақытша басқа тұрғын үй-жайға көшу.
- Жатақхананың бөлмелеріне, құрал-жабдығына, керек-жарағына мұқият қарауды, электр энергиясы мен суды үнемдеп шығындау;
- Тұратын бөлмелерде және жалпы пайдалану орындарында тазалық сақтау, өздерінің бөлмелерін уақытылы тазалау;
- Тұрғын үй-жай бөлмесінің, жалпы пайдалану орындарының жағдайын тексеру және түгендеу бойынша Жатақхана әкімшілігіне міндеттерін орындауға кедергі келтірмеу;
- Жатақханадан ұзақ (сырқаттану, академиялық ұтқырлық және т.б.) немесе 3 күнге дейінгі қысқа (туысқандарына, достарына бару, т.б.) мерзімге кеткен кезде әкімшілікті жазбаша хабардар ету;
- Тұрғын үй-жай бөлмесін жалдау шартының күші жойылған немесе бұзылған кезде тұру орны бойынша тіркеуден шығу және үй-жай бөлмесін босату;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.10.2020
	ЖАТАҚХАНА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	6 бет

- Тұрушының кінәсі анықталған кезде келтірілген материалдық зиянды (әйнекті, есік құлыптарын, қабырғаның, жиһаздың, құрал-жабдықтың, т.б. сынуын) өтеу.

5 ЖАТАҚХАНАДА ТҰРУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАҒИДАЛАР

5.1 Жатақханада тұратын білім алушы келесі қағидаларды қадағалауы тиіс:

5.1.1 Қауіпсіздік техникасы қағидаларын қадағалау, энергия көп жұмсалатын жеке аспаптар мен жабдықты (жылытқыштар, пештер, т.б.) пайдаланбау;

5.1.2 Қоғамдық тәртіптің бұзылуы үшін жауапкершілікті көтеру. Жұмыс күндері түнгі сағат 22:00-ден бастап таңертеңгі сағат 9:00-ге дейін, демалыс және мейрам күндері сағат 23:00-ден бастап 10:00-ға дейін тыныштықты сақтау (ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексіне сай), басқа тұрушыларға кедергі жасайтын және мазалайтын әрекеттерді жасамау.

5.1.3 Жатақхананың белгіленген жұмыс кестесін қадағалау:

- Сағат 06:00-ден бастап 23:00-ге дейін жатақханаға кіруге және одан шығуға болады;
- Түнгі уақытта жатақханаға кіруге және одан шығуға тыйым салынады.

5.1.4 Талап етілуі бойынша Жатақханаға кіруге рұқсат қағазын көрсету. Рұқсат қағазы жоғалтылған болса, оны өз есебінен қалпына келтіру.

5.1.5 Тұратын үй-жайға кіретін есіктің қосалқы кілтін вахтаға тапсыру.

5.1.6 Берілген бөлмені тек тұрғын үй-жай мақсатында пайдалану, бөлмені басқа адамдардың пайдалануына жол бермеу.

5.1.7 Тұрғын үй-жай бөлмесін, жалпы пайдаланатын санитарлық блоктарды тазалау, тұрмыс қалдықтарын уақытылы шығару.

5.1.8 Жатақхана маңындағы аумақты көріктендіру және көгалдандыру, жасыл желектерді қорғау, алаңдарды жасау, жөндеу және тиісті түрде ұстау бойынша жұмыстарды өткізуге қатысу.

5.1.9 Жатақхана бойынша кезекшілікке және толық тазалауға қатысу.


5.1.10 Тәрбие жұмысы және жастар ісі бөлімінің рұқсаты бойынша тұратын бөлмеде жақын туыскандары мен ата-аналарын сағат 10:00-нан 17:00-ге дейін қонақ ету.

5.2 Жатақханада тұрушыларға тыйым салынады:

5.2.1 Рұқсат қағазы мен өзі тұратын үй-жай бөлмесінің кілтін бөтен адамдарға беру.

5.2.2 Тұрғын үй-жайдың басқа бөлмесіне өз бетінше, рұқсатсыз көшу.

5.2.3 Тұратын бөлмесінде рұқсатсыз жөндеу жасау, электр сымдар жүйесін жөндеу, есікті ауыстыру және орнату, қайта жоспарлы жөндеу және қайта жабдықтау.

 КАЗАҚҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.10.2020
	ЖАТАҚХАНА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	7 бет

5.2.4 Дәліздерде, жалпы пайдалану бөлмелерінде және қосалқы шығу тұстарында адамдардың, төтенше жағдай бойынша және басқа қызметтердің еркін жүруіне кедергі келтіретін заттарды қою.

5.2.5 Жатақхана аумағындағы жолдардың бойында, жедел жәрдем, өрт сөндіру, төтенше жағдай машиналарының өтуіне бөгет жасау.

5.2.6 Тұрғын үй-жайда құстар мен жануарларды ұстау.

5.2.7 Тұрғын үй-жайда ірі көлемді заттарды сақтау, қоқырсыту.

5.2.8 Дәліздерде, баспалдақ алаңдарында және оған арналмаған басқа жерлерде тұрмыстық қалдықтарды, үй керек-жарақтарын қалдыру, заттарды терезеден лақтыру.

5.2.9 Терезенің сыртына заттарды, төсек жабдығын, сөмкелерді, т.б. ілу.

5.2.10 Ашық жалынды аспаптарды пайдалану.

5.2.11 Алкогольдік және аз алкогольдік сусындарды, есірткілік, психотроптық және басқа еліртетін заттарды сақтау және тұтыну.

5.2.12 Жатақхана ғимаратында және аумағында темекі шегу.

5.2.13 Қару-жарақты, жарылғыш және тұтанғыш заттарды сақтау және алып жүру.

5.2.14 Жатақхана әкімшілігінің тиісті рұқсаты болмаса, бұл үшін арналмаған жерлерде хабарландыру ілу, жазулар қалдыру.

5.2.15 Жатақханада тұрмайтын адамдарды жатақханаға әкелу.


6 ЖАТАҚХАНАДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ

6.1 Жатақханада қоғамдық өзін-өзі басқару органы – Студенттік кеңес, ол жастар ісі жөніндегі Комитеттің бір бөлімін құрайды.

6.2 Студенттік кеңестің құрамына жастар ісі жөніндегі Комитеттің мүшелері және тілегі бойынша Жатақханада тұрушылар қатарынан білім алушылар кіреді.

6.3 Студенттік кеңес келесі қызметті іске асырады:

- Жатақханада кезекшілікті ұйымдастыру;
- Тәрбие жұмысы және жастар ісі бөлімінен ақпаратты тұрушыларға жеткізу;
- Тұрушылардың бос уақытын өткізуді ұйымдастыру – конкурстарды, қоғамдық, спорттық және басқа іс-шараларды өткізу;
- Аумақты көріктендіруді, сенбіліктерді және толық тазалауды ұйымдастыру және өткізу;
- Жалпы пайдаланатын орындарды пайдалану мәселелерін қарастыру;
- Ағымдағы немесе күрделі жөндеуді өткізу туралы ұсыныстарды енгізу;
- Осы Ереже талаптарының орындалуын бақылау;
- Жатақханада тәртіп бұзылуы жағдайларын қарастыру;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.10.2020
	ЖАТАҚХАНА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	8 бет

– Тұрушылардың рейтингін жасау.

6.4 Студенттік кеңестің осы Ереже талаптарын бұзудың кейбір сирек жағдайларын қарастыруға, тұрушылардың рейтингтік бағаларын төмендетуге құқығы бар.

6.5 Тұрушылар осы Ереженің талаптарын ұдайы бұзатын болса, одан әрі Комиссияда қарастыру және Жатақханадан шығаруға дейін болуы мүмкін жаза шарасы туралы шешім шығару үшін Студенттік кеңес істі Тәрбие жұмысы және жастар ісі бөліміне береді.

6.6 Студенттік кеңес Жатақханадағы орындарды бөлуде белсенді қатысады, оның өкілі Комиссияның құрамына кіреді және тұрушылар рейтингінің негізінде қалада тұрмайтын білім алушыларға Жатақханадан орын бөлінуі кезектілігін негіздейді.

7 ЕРЕЖЕНІ БҰЗУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

7.1 Осы Ереженің бұзылуы үшін келесі жаза түрлері қарастырылады:

- ауызша ескерту;
- тәртіптік ескерту немесе белгілі бір уақыт кезеңіне сынақ мерзімі;
- тұрушының рейтингі үшін бағасын кеміту;
- Университет ректорының бұйрығымен жазбаша сөгіс;
- тұрушыны Жатақханадан шығару;
- келесі оқу жылы Жатақханадан орын бермеу;
- Университеттен шығару.


7.2 Ереженің бұзылуы туралы мәселені кез келген Жатақхана тұрушысы, Жатақхана әкімшілігі, Студенттік кеңес, Тәрбие жұмысы және жастар ісі бөлімі көтеруі мүмкін.

7.3 Осы Ереженің талаптарын бұзудың кейбір сирек жағдайларын Жатақхана әкімшілігінің және/немесе Тәрбие жұмысы және жастар ісі бөлімінің қатысуымен Студенттік кеңес қарастыруы мүмкін. Мұндай жағдайда жаза шарасы келесідей болуы мүмкін:

- ауызша ескерту;
- тәртіптік ескерту немесе белгілі бір уақыт кезеңіне сынақ мерзімі;
- тұрушының рейтингідегі бағасын кеміту.

7.4 Тұрушылардың осы Ереженің талаптарын ұдайы бұзуын (үш реттен артық) Тәрбие жұмысы және жастар ісі бөлімі қарастырады және жаза шарасы туралы шешім қабылдау үшін Комиссияның қарастыруына береді, теріс қылықтың ауырлығына қарай жаза шарасы келесідей болуы мүмкін:

- Университет ректорының бұйрығымен жазбаша сөгіс;
- тұрушыны Жатақханадан шығару;
- келесі оқу жылы жатақханадан орын бермеу;
- Университеттен шығару.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.10.2020
	ЖАТАҚХАНА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	9 бет

8 ЖАТАҚХАНАДАН ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ

8.1 Тұрушыны Жатақханадан шығару оқу жылының соңында тұрғын үй-жайды жалдау шартының әрекет ету мерзімі аяқталғаннан кейін іске асырылады.

8.2 Сондай-ақ, оқу жылының барысында Комиссия шешімінің және/немесе Университет ректоры бұйрығының негізінде тұрғын үй-жайды жалдау шарты мерзімінен бұрын бұзылғаннан кейін тұрушы Жатақханадан шығарылуы мүмкін.

8.3 Тұрғын үй-жайды жалдау шартының мерзімінен бұрын бұзылуы келесі себептер бойынша орын алуы мүмкін:

- Университет ректорының атына жазылған өтінішінің негізінде тұрушының тілегі;
- Тұру ақысының төленбеуі;
- Білім алушының басқа оқу орнына ауысуы;
- Академиялық демалыс, жүктілік және босану бойынша демалыс себепті білім алушының оқуын уақытша үзуі;
- Білім алушының осы Ережені және Университеттің басқа да ішкі нормативтік құжаттарын бұзуы салдарынан Комиссияның шешімі;
- Академиялық үлгермеушілік және басқа себепті білім алушының Университеттен шығарылуы.

8.4 Тұрушыларды қысқы демалыс, іс-сапарда болуы немесе ғылыми тағылымдамадан, басқа жоғары оқу орнында академиялық ұтқырлықтан өтуі кезінде Жатақханадан шығаруға тыйым салынады.

8.5 Тұрғын үй-жайды жалдау шартының күші жойылған немесе бұзылған кезде тұрушы тұрғын үй-жайды үш күн ішінде босатуы тиіс.

8.6 Білім алушы Жатақхана әкімшілігіне тұрғын үй-жайды қабылдау-тапсыру актісіне сай барлық құрал-жабдықты, аспаптарды жұмыс істеп тұрған күйінде тапсыруы тиіс.

8.7 Материалдық зиян расталған кезде тұрушы оны толығымен өтеуі немесе жоғалтылған заттарды, бөлшектерді, т.б. алмастыруы тиіс.

8.8 Университетте оқуы аяқталғаннан кейін білім алушы Халыққа қызмет көрсету орталығында уақытша тұру орны бойынша тіркеу есебінен шығуы тиіс.

9 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

9.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

9.2 Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары негізінде Ғылыми кеңес енгізеді.